

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ КОРЁ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Есеркепова Ж.О.

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ, Алматы, Қазақстан

Title: *The Difference of Koryo Culture in the Middle Ages*

Author: *Eserkepova Zh.O., KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan*

Abstract: *This article focuses on culture of the medieval state Cora. The article covers the periods of Cora, superiority of Confucianism and the Buddhism on the Korean peninsula, about Tripitaka that was printed in Sun dynasty of China and the Korean Tripitaka. Besides, there is told about educators of Cora time that had relationship with the well-known scientists of China, about development of literature in Cora, the most ancient and historical work "Saga of the Samguk", and about worship to ancestors of a Van Gok dynasty.*

Keywords: *culture, Confucianism, printing house, traditional genre, calligraphy, historical works, Buddhist temples*

Кілт сөздер: *мәдениет, Конфуцийшілдік, баспахана, дәстүрлі жанр, каллиграфия, тарихи еңбектер, буддалық храм*

Корей – өзіндік тарихы мен бай мәдениеті бар ежелгі ел. Алайда ол қазір екі мемлекетке (Солтүстік және Оңтүстік Корея) бөлініп отыр.

"Корей" атауы "коре" деп аталынған орта ғасырлық мемлекеттің атынан пайда болған екен. "Коре" - "Таң самалы елі" деген ұғымды білдіреді. Жалпы бұл атау Корей құл иеленушілік мемлекеті болып

тұрғанға дейін өмір сүрген.

Жалпы мәдениет халықтың тұрмыс-салттары мен әр алуан рухани және материалдық формада айқын байқалатын эстетикалыққұндылықтарының кешені. Мәдениет табиғи күшіне сәйкес өзінің шығармашылыққуатын дамытып және байытып, әлемдік ұлттық мәдениеттер отбасында алатын дара орынын қамтамасыз етеді. Сондықтан, біздіңқарастыратын мәселеміз орта ғасырдағы Корей елінің мәдениеті аясында болмақ.

Корей түбегінде Коре кезеңінде конфуцийшілдік және буддизм үстем болған еді. Бүкіл білім жүйесі және кадрларды дайындау толығымен конфуцийшілдіктің ықпалында болды. Жоғарғы конфуцийшілдік академияларынан басқа,

конфуцийшілдердің өзіндік бастамасы бойынша біраз қазыналық және көптеген жеке мектептер болатын. Әсіресе, XII ғасырдың I жартысында Инджон ваннның тұсында конфуцийшілдік ағартушылық айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұл кезеңде бүкіл елде хянге деп аталатын ауылдық мектептер жүйесі құрыла бастайды. Бұл кезеңде Ким Бу Сик, Ким Бу Ый, Юн Он И, Лим Ван, Ли джо, Пак Сын Джун, Чон Гы Ген, Чон Хан, Чон Чи Сан секілді көрнекті конфуцийшілдік ғалымдар көзге түсті. Дәл осы кезеңде алғашқы тарихи еңбек «Самгук саги» (Үш мемлекеттің туралы тарихи жазбалар) дүниеге келген. Ол тек тарихи ғылымның деңгейін бейнелеп қана қоймай, сол уақыттағы конфуцийшілдік ойдың жетістігін көрсете білген.

Әскерилердің билігі кезеңінде конфуцийшілдіктің қоғамдағы орны әлсірей бастайды. Алайда, олар монғолдардың үстемдігі кезінде өз ықпалын қалпына келтіре бастады. Себебі, бұл уақытта азаматтық шенеуіктердің рөлі қайтадан өсті. Конфуцийшілдіктің дамуында маңызды рөлді Ан Хян атқарған еді. XIV ғасырдың басында Пэк И Джон, Ли Дже Хен, Пак Чхун Қытай жерінде болып келді. Олар қытайдың көрнекті Янь Фу, Чжао Мэнфу секілді ғалымдарымен қарым-қатынас орнатқан. Кейін конфуций ілімін ұстанушы Ан Хян, Ли Гок, Ли Ин Бок корейлері Қытайда емтихан тапсырып, сол жерде мемлекеттік қызмет атқарған.

Осылайша, Коре кезеңінде буддизм де өзінің дамуының шарықтау шегіне жетті. Буддизмнің бұрынғы әсерінің сақталуы жергілікті халықтық сенімдермен араласып, ұлттық идеология ретінде қабылдануымен түсіндіріледі. Елдің астанасында көлемі бойынша өте үлкен шіркеулер салынған. Ван Гонның тұсында он шақты ірі монастырлер салынып, соның ішінде Попванса, Ваннюнса және Хынгукса секілді атақтылары болды. Құрылыстар кейінгі уақытта да тоқталмай, тек Кэгеннің өзінде жетпіске жуық монастырлер болған. Әсіресе, Мунджон ваннның тұсында салынған Хынванса монастырі әйгілі болды. Түрлі буддалық рәсімдер мемлекеттік салтанаттар кезінде орындалды. Аса маңызды рәсімдерге Ендынхве (алау мейрамы) және Пхальгванхве рәсімдері жатты. Дәстүрлі (кеджон) және цзэн буддизмін уағыздаушылары үшін мемлекет арнайы емтихан жүйесін енгізіп, дәреже анықтауды бекіткен. Дәстүрлі буддизмнің ең жоғарғысы сынтхон деп аталатын дәрежесі, ал кейінгі цзэн буддизмінде тэсонса дәрежесі болды. Ерекше орынды ванса және кукса иеленген. Олар ван

сарайындағы ван уәзірлерінің рөлін атқарды. Буддалық монастырлер мемлекеттік мекемелер негізінде жердік үлес алып отырды. Ал, жоғарғы шенді сангхилер шенеуніктер лауазымымен теңестірілді. Монастырлер жер салығынан, ал монахтар мемлекеттік міндеткерліктен босатылды. Монастырлер тек жерді иеленіп қана қоймай, көп мөлшерде нобиді де иеленді. Олар қолөнер құралдарын өндіріп, өсімқорлық, кейде саудамен де белсенді айналысты. Мемлекет экономикасында монастырлердің үлесі маңызды болды. Силла кезеңіне қарағанда, Коре елінде монахтар мемлекеттің саяси өміріне, олардың қаруланған отрядтары билік үшін күреске белсенді атсалысқан.

Буддалық әдебиетті тарату және оның мәтіндерін өндіру қызметі кең ауқымда жүргізілді. Коре мемлекетінде сундық Қытайда басып шығарылған Трипитака және жеке құрылған корелық Трипитака енгізілді. Бұл Трипитаканы басып шығаруға жетпіс алты жылға жуық уақыт кеткен (1011-1076). Ол 6 мың томнан тұрды, ал оның ағаш матрицалары Тэгудағы Пуинса монастырінде сақталды. Алайда, бұл еңбектер моңғол басқыншылығы кезінде жойылып кеткен. Осыдан кейін корелық буддизмнің көрнекті өкілі Ый Чхон Сун, Ляо Коре мен Жапониядағы бар кітаптарды жинап, жүйелеп 4769 кітаптан тұратын «Синпхен чеджон кеджан чхонмок» (барлық секталық кітаптардың жалпы жаңа тізімі) атты жинағын құрастырды. «Сокчанген» (жалғастырылған Трипитака) деп те аталатын, бұл жинақ Хынванса монастырінің баспаханасында басылып шығарылған.

Әскерилердің билігі кезінде дәстүрлі буддизмнің орнына дзэн буддизмі биліктен қолдау тапты. Бұл кезеңде Кореядағы буддизмнің тарихын жазу қолға алына бастаған болатын. 1215 жылы Коджон ванның бұйрығымен Какхун монах бізге толығымен жетпеген, үш мемлекет кезеңінен бастап, Корея жерінде әйгілі әулиелердің өмірі туралы жазылған «Хэдон косынджон» еңбегін жазды. Бұдан басқа Суги монах «Сокчанген» еңбегін басып шығару кезінде, қалдырылып кеткен Ый Чхонның Кюне жазбалары және Ый Сан шәкірттерінің еңбегін «Тэджанген» басылымына қосымша енгізді. Бұл кезеңнің бағалы еңбегіне 1236 жылы басталып он алты жылдан кейін аяқталған «Чеджо Тэджанген» еңбегін жатқызуға болады. Біздің күнге жеткен Шығыстағы 20 Трипитака ішінде 81137 ағаш тақтайшаларға

жазылған бұл мәтіндер аса көрнекті жинақ болып табылады. 1996 жылы бұл жинақәлемдік мәдениеттің дәулеті ретінде жарияланды.

Идеологиялық жүйеде конфуцийшілдік пен буддизмнен өзге белгілі орынды геомантика да иеленді. Екі бастау және 5 элементтер туралы ілімге негізделе отырып, геоманттар жерді органикалық тірі тіршілік иесі ретінде қарастырады. Оған қоса, Корё кезеңінде мемлекеттің дамуына үшін астанаға барынша қолайлы жерді таңдау мәселесі де үлкен маңызға ие болды. Атап айтқанда, Сеул осы геомантикалыққұрылым бойынша оңтүстік аймақтың астанасы болып тағайындалған еді.

Мемлекеттің жебеушілігіне даосизмде ие болды. Осыған орай, Пхальгванхэ рәсімі Аспан әлеміне, әйгілі таулар мен үлкен көлдерге арналған құрбандық шалу болып табылады. Сонымен қатар, дәстүрлі сенімдермен даолық жұлдыздарға табыну рәсімі және буддалық салт-дәстүрлер бір-бірімен біріктірілді. Пхальгванхэ рәсімінен басқа, патша сарайында табиғи апаттардан аман қалу үшін Аспанға ғибадат жасалынған. Әсіресе, бұл дәстүр Еджон ванның билеуі кезінде даосизм белсенді тарала бастады. Сол уақытта даолық Поквонгон храмы салынған. Даосизм жергілікті шаманизм және басқа да дәстүрлі сенімдермен сіңісіп, аспан мен жерге табынудың халық арасына таралуына жағдай жасады. Сонымен бірге, ірі көлдер мен тауларға рухтардың есімі, тіпті лауызым да берілді. Даосизммен байланысты ірі көрнекті тұлғалар Хеджон тұсында Кан Гам Чхан, Инджон тұсында Хан Ю Хан, Ли Мен, Квак Е, Чхве Дан және т.б. болды. Корё кезеңінде мемлекеттік деңгейде табынудың объектісі тарихи тұлғалар да болды. Ең алдымен, Ван Гон династиясының ата-бабаларына табыну болды. Томенсинса храмында Когуре патшалығын құрған Тонмен патшаға табынды. Ал, мемлекеттік деңгейде еске алатын салт-дәстүрлер қызметінде Тангунға арнап орындалған рәсімдер болмаған. Алайда, кейбір деректер бойынша халық арасында оның культі болғандығын айтады.

Когуренің негізін қалаған Тонмёнға бағынатын Тонмёнсинса ғибадатханасы, Пхеньянда басқарушы - ағартушы ретінде Киджаға арналған ғибадатхана болды. Тангунға арналған мемлекеттік деңгейдегі еске алу рәсімдерінің шынымен болғандығы туралы ресми деректер жоқ, дегенмен кейбір деректер бойынша оның культі халық арасында таралған.

Корёдегі әдебиеттің дамуы вэньянда шығарма жазуды қамтыған ғылыми деңгейдегі емтихан жүйесінің енгізілуімен

тығыз байланысты болды. Сонымен қатар, Соджон кезінде шенеуніктер ай сайын өздерінің жазған шығармаларын тапсыруға міндетті болды. Студенттер арасында ақындықөнер бойынша сайыстар көптеп орын алып, ол шенеуніктер білім жүйесінің негізгі бөлігі ретінде қарастырылды. Осы жанр бойынша көптеген ақындар халық арасына танымал болған еді. Осы ақындар туралы айтқанда, ең алдымен өлең жинақтары Суньдік Қытайда шығарылып, халық арасында әйгілі болған Пак Ил Лянды және XII ғасырдың басында өмір сүрген Чон Сым Мён, Чон Жи Сан, Ким Хван Вон, Ким Бу Сикті атап өту керек. Корей поэзиясына Қытайлық Тан поэзиясының, ал прозасына Суньдік Қытай прозасыныңәсері зор. Силла дәуірі кезінен бері келе жатқан жергілікті поэзия дәстүрі (хянга) да біраз уақыт бойы сақталып тұрды, алайда хянга поэзиясы кейін Қытайлық поэзияға ұласады. Кюн Ённің "Похён Сибвонг" еңбегінде осы жанрдың 11 шығармасы сақталған.

Соғыс режимі жылдарында конфуцийшілдік бюрократияның саяси күйреуі жағдайында оныңөкілдері өткен ғасыр романтикасына қызығушылық танытып, романтикалық бағыттағы әдебиет дами бастады. Осы бағыттыөкілдері Ли Ин Но, Лим Чжун, О Се Джэ, Чо Тхон, Хван Бо Хан, Хам Сун және Ли Дан болды. Қытайдағы "өзеннен солтүстікке қарай жеті данагөй" аналогиясы бойынша олар өздерін "теңізден солтүстікке қарай жеті данагөй" деп атады. Олардың ішінде Ли Ин Ноны ерекше атап өту керек.

Корё кезенінің ең танымал ақындарының бірі Ли Гю Бо шамамен екі миллионға жуық шығарма қалдырған екен. Оны тіпті Чхве әулеті басшылары мойындап, өзі өмір сүрген кезеңінде аса көрнекті ақын ретінде танылып, жоғарғы лауазымды иеленген. Өзінің "Тонмён ван туралы шығармалар" атты еңбегінде халық аңыздарының рухтар жөнінде әңгімелерінен алынған Тонмен ванның мемлекет құруы туралы аңыздың мағынасын қайта қарастырған. Осы кезеңде тек өлеңнің формасымен ғана емес, сонымен қатар ішкі талғампаздықпен ерекшеленетін "Поханджип" атты поэтикалық жинақтың авторы Чхве Джа және әдеби академияның мүшесі Чин Хва әйгілі болды.

Корё кезеңінің соңында поэзияның жаңа түрі пайда болды, ол - кёнгичхега деп аталады. Осы жанрға конфуцийшілдік ғалым Ан Чхуктің еңбегі "Квондон Пёльгок" жатады. Халық арасында жаңа өлең жанры - чанга тарайды. Осы жанрға "Чхонсан Пёльгок",

"Согён Пельгок", "Кашири", "Чоныпса", "Тонтон", "Ссанхваджом" жатады. Чанга өлең жанры сол кездегі табиғатпен үйлесімді өмір сүретін қарапайым халықтың сезімдері мен өмірін көрсетті.

Ерте Корё кезеңінде Силла кезеңінен бері дамып келе жатқан жергілікті (хянак) және тан (танак) өлеңінің дәстүрлі жанрлары жалғасын тапты. Ал Еджон билігі кезінде Суньдік Қытайдан аак түріндегі музыка және түрлі музыкалық аспаптар енгізілді. Бұл сарай музыкасы болды, хянак және танак еске алу рәсімдерінде емес, көбіне салтанатты кештерде ойнатылды. Дегенмен хянак бағыты көбірек таралған еді, осы жанрдың негізгі шығармалары "Чоныпса", "Тондон", "Халлим Пельгок", "Огвансан", "Пинджак" болды. XII ғасырдың басында Корее оркестр де болғаны белгілі, сонымен қатар 40 түрлі музыкалыққұралдар болған.

Корё кезеңіндегі халық ойындары арасында кёккуні атап өту керек, бұл ойында нысанаға аттан ағаш ракетканың көмегімен шарды лақтырады, ойын қазіргі батыстық полоға ұқсайды. Халық арасында халық театрының келесідей түрлері әйгілі болды: Муёна биі (жаман рухтарды шығару) және маскадағы түрлі қойылымдар (сандэ нори). Өнердің осы түрлерін арнайы Наре тогам атты мемлекеттік мекеме басқарды. Астанада кей кездері жаппай халық мерекелері өткізіліп, осы мерекелерде түрлі әндер және билер орындалды. Музыка және хореография салаларында XI ғасырда өмір сүрген және жаңа біртума билерді жасаған Чо Ённыңқосқан үлесі зор.

Корё кезеңінің архитектуралық мұрасынан қазіргі күнге дейін жеткендері көп емес. Қазіргі күнге дейін сақталған ең ежелгі ағаш құрылыс өзінің пэхыллим техникасындағы колонналарымен әйгілі Солтүстік Кёнсан провинциясындағы Инджу маңындағы Пусокса монастыріндегі Муриансуджон павильоны болып табылады. Андондағы Поджонса монастыріндегі Кыннакчон павильоны және Судокса монастыріндегі Тэунджон павильоны Корё кезеңі соңындағы архитектуралықүлгілері болып табылады. Корё кезеңінің ерте кезіндегі пагодалар архитектурасына сун архитектурасының тигізген әсері зор. Формалары бойынша олар дөңгелек, сегізқырлы болды, сонымен қатар бұрын болмаған қабаттар саны да көбейді. Осындай пагодаларға (буддалықғибадатхана) 5 - қабатты Пурилькуса ғибадатханасы (951 жыл), жеті қабатты Кэсондағы Хёнхваса монастырі (1020 ж.), он үш қабатты Мёхянсан тауындағы Похянса монастыріндегі

пагода жатады. Корё кезеңінің соңындағы буддалықғибадатханалардың арасындағы еңәйгілісі он қабатты Кэпхундегі пагода болып табылады. Әдетте граниттен жасалатын басқа ғибадатханалармен салыстырғанда бұл ғибадатхана мрамордан жасалған, керемет мүсінмен безендіріліп, сонымен қатар монғолдық ламаизмныңәсерінің болғандығы байқалады. Тас пагодаларынан басқа буддалық монахтардаң ескерткіштері көптеп таралған. Олардың арасында жоғары өнер шығармаларын, мысалы Вонджуадағы Хынбопса монастыріндегі Чингонге арналған ескерткіш (940 жыл), Ёджудегі Кодальса монастыріндегі Хеджину ескерткіші (957 жыл), Попчхонса монастыріндегі Чигвана обасындағы пудоны атап өту керек. Ол 1085 жылғы, қазіргі кезде Сеулдегі Кёнбоккун сарайы территориясында орналасқан.

Силла кезеңімен салыстырғанда буддалық мүсіндер біршама құлдырауда болды. Дегенмен, сол кездіңөзінде XII ғасырдың соңында жасалған Пусоксадағы Мурыансуджон павильонындағы Амитабхи будда мүсіні сияқты керемет мүсіндер жасалған. Кореядағы еңүлкен будданың тас мүсіні - Нонсандағы (Солтүстік Чхунчхон провинциясы) Кванчхокса монастыріндегі Майтрейи будда мүсіні. Оның биіктігі 21 метрден астам, 938 жылдан бастап 38 жыл бойы салынған. Сонымен қатар, Корё кезеңіне Кореядағы Будданың жартастағы ең ірі бейнесі - Нэгандағы (Қымган уезді, Канвон провинциясы) мүсін де жатады, яғни биік жартаста отырған 15 метр биіктікті Будда мүсіні.

Коре кезеңінде сурет өнері де дами бастады, оны арнайы Тохва вон мемлекеттік арнайы мекеме басқарды. Маманданған суретшілер де, білімді конфуцийшілдіктер немесе монахтарды қамтитын қарапайым суретшілер де болды. Тохвавонда жұмыс істеген суретшілер ван мен жоғарғы шенеуніктер портреттерін, мемлекеттік рәсімдер мен құрылыстарды, сонымен қатар, гүл немесе құстар, табиғат әсем көріністерін, декоративті суреттер де салды.

Коре кезеңінің басындағы еңәйгілі суретшілер Тохвавон мүшелері Ли Нён және Гван Пхиль мен оның баласы еді. Ли Нён XII ғасырда өмір сүрді және "Есонган өзені" және "Чхонсуса ғибадатханасының оңтүстік қақпасы" сияқты әйгілі суреттерді қалдырған. Ол Суньдік Қытайда да сурет өнерін үйреткен. Конфуцийшілдік және буддалық суретшілер "төрт абзалдың": бамбук, қараөрік, қарағай және орхидея бейнесіне қызығатын. Осы түрдегі ең бірінші әйгілі сурет қарағайдың суреті болып табылады,

ол Кэсон маңындағы Ван Гонның обасынан табылған. Конфуцийшілдік суретшілердің арасындағы негізгі тақырып шенеуніктердің өмірі мен демалысы болды. Осындай тақырыптағы ең танымал суреттердің бірі ван Конминнің еңбегі болып табылады. Буддалық суреттері янню кванымдо жанрында (Аволокитсшвара бодхисатва бейнесі) болды. Бұл жанр әсіресе монғолдықүстемдік кезінде әйгілі болды. Осы жанрдағы ең әйгілі суреттерге 1310 жылы Ким У Мунның және басқа да сарай суретшілерінің салған, биіктігі 4 метрге жететін, суреті, шамамен 1300 жылы Хехо монахы салған сурет және 1323 жылы Со Гу Банның салған суреті жатады. Қазіргі кезде осы суреттердің барлығы Жапонияда сақтаулы тұр.

Қытай тіліндегі әдебиеттің дамуымен қатар каллиграфия өнері де дамыды. Мунджонда Ю Син, Инджонда Тха Нён, Конджонда Чхве У және тағы басқа билігі кезінде керемет каллиграфтар да пайда болды. Силлалық Ким О Номмен қатар осы суретшілер "төрт ұлы каллиграфшы" болып есептеледі. Коре кезеңінде каллиграфияның куян сунчхе стилі әйгілі болды. Монғол үстемдігі кезінде каллиграфия юаньдықәсерге ұшырап, куян сунчхе стилінің орнына келген сонсольчхе стилі тарала бастайды.

Каллиграфиялық дәуірде, Чосон ванының тұсында өмір сүрген Ли Ам болды. Сурет өнерінде Коре түрлі қолөнермен танымал болды, әсіресе Силла елінен едәуір зор болғандығы айтылған. Осы кезеңдерде қолөнер саласы гүлдене бастайды. Қолөнерде Коре елі көбінде әртүрлі заттарды қолдана отырып, кестелеп тігудің кереметтілігін білді. Сонымен қатар, бұндай қолданыстарда ағаштан жасалған заттарға жапсырылғыш, бояуы бар заттарды жетік қолданды.

Өнерлердің ішінде қолөнер ерекше ықыласпен бағаланып, соның ішінде корельқ керамика ерекше болды – ол әртүрлі пішінімен және де құнды түсімен ерекшеленіп отырды. Керамика бұл кезеңде әртүрлі бөтелкелерге байланысты жасалып отырды. Керамиканың безендірілуі кеңінен даолық символдарға байланысты еді, яғни тасбақаның, балықтардың, айдаһарлардың суреттері бейнеленген. Корельқ керамика әртүрлі жасыл, сұр, қара, қою ақ түстерде болды. Ең жоғарғы дәреже металды игеру болып саналған: буддалыққұралдар, қоңыраулар, айналарды жасаудағы жетістіктері жоғары болды.

Кореда гуманитарлықғылымда айтарлықтай дамушылық болды. Мемлекеттік жүйеде арнайы құрылған тарихи шығармалар,

әдебиеттер, кітапханалар мен архивтер жұмыс істеді. Коре кезеңінің басында «Самгукса» («Үш мемлекеттің тарихы») атты шығарма, сонымен қатар, «Пхеннен чонджэны» 1116 жылы Хон Гван қайта жасаған, ал Ыйджон тұсында Ким Гван Ыем болды. Алдымен Коренің пайда болуы туралы жүйелі түрде шынайы жазба хронологиясы, яғни Ли династиясы тұсында «Коресаның» құрылуына материал ретінде жүргізілді.

Бүгінгі күнге дейін сақталып келген ең ежелгі, тарихи шығарма «Самгук саги» деп аталады. Бұл шығарма 1145 жылы Ким Бу Сик ваннның бұйрығымен жазылған. Бұл еңбек біздің заманымызға дейінгі Когуре, Пэкче, Силла және қытай деректеріндегі хроникалардың сақталмағандығы жайында және Х ғ. басындағы Корей тарихын сипаттайды.

«Жеке» тарихи еңбектер бойынша 1821 ж. жазылған «Самгук Юсаны» ерекше айту қажет («Үш патшалықтыңұмытылған істері»), Ингакса ғибадатханасындағы Ирен такуаның жазғандығы, сонымен қатар, 1827ж. «Чеван унги» Ли Сын Хю, Корей және Қытай тарихын сипаттайтын өлең-шумақтыр да айтылып кетеді. Екі шығармада нақты және тарихи көріністерді баяндамай, алайда олар ұлттық мәдени салт-дәстүрлер мен Тангун туралы және Ежелгі Чосонды, «Самгук Саги» оқиғаларын мазмұндайды. Осы жағдайды олар келесі ұрпаққа әсер ететіндігі туралы түсіндіріп өтеді. Бұл еңбектер, негізінен, бір-бірімен айырмашылықтары болды. «Самгук юса» буддалық дәстүрді, ал «Чеван унги» конфуциандық, буддизм мен даосизмге сүйенген. Сонымен қатар, «Чеван унгида» Тангунның корей ұлтынан шыққандығы туралы тұжырымдама айтылады. Егер «Самгук юса» Тангунның Пуедан, Когуре және Пэкчеден шыққандығы туралы көшіріп жазса, ал «Үш хан» және Силла өздерін негізгі Қытайдан шыққан ұрпақтарымыз деп есептейді. Онда «Чеван унги» сөз жүзінде барлық протокорейлік білімдерді енгізіп отырды. Коре кезеңінде 1357 жылы Ли Дже Хен жазған «Қысқаша тарих» («Саряк») атты кітап сақталынған.

Конфуциандықғалымдар Коре кезеңінің соңында конфуцишілдікті теориялық жүйеде қарастырады. Экономикалық ойшылдар сол заманда Чон Мон Джу, Чон До Джон, Квон Гын, Чон До Джону «Хакча Чинамдо» аты еңбектері арқылы конфуциандықтың табиғифилософиясын барлық жағынан түсіндіріп өткен. Сонымен қатар, «Симмон Чхондап» және «Сим Ги», буддизм мен даосизмге қарағанда конфуциандыққа

басымырақарады. Квон Гын конфуциандық «Ипхак тосолді» жазып шығарады.

Кореның тұсында ғылым мен техниканың дамуы ретінде әлемде бірінші рет металдыққаріптің жиынтығы жасалынған. Силла және Корё тұсында жоғарғы деңгейдегі ксилографияның техникасының дамуы қарқынды болды. Ол жайында «Трипитакидің» алты мыңнан астам томдары және «Сокчангеннің» 4700-ден астам томы (Трипитакидің жалғасы) басылып шыққандығы туралы айтылады. Алайда ксилографиялық баспа көптеген материалдарды және үлкен еңбектерді талап етті. Корё кезеңіндегі конфуцишілдіктің орны біршама еңбектерді басып шығаруда маңызды болып табылды. Алдымен олар ағаштан жиынтыққаріппен жасалғанын, кейіннен металдан жасалған түрін қолданды.

Алғаш рет Корёда жылжымалы қаріп XIII ғасырда енгізілді десе де, алайда ең көне жылжымалы қаріп Хындокса (Чхонджу) ғибадатханасында басылған. Бұл жағдай Корёда соңғы кезеңде жақсы таралып, 1392 жылы Соджоквон мемлекеттік мөрді қолданған деген болжам бар.

XIII-XIV ғасырларда Корёда айтарлықтай ғылым мен техникалық прогресстің күшеюі орын алады. Елдіңқорғаныс саласы бойынша оқ ататын қарулар жапон қарақшыларына қарсы қолдануға қажет болды. 1377 жылы Хвадон тогамның бастамасымен Қытай юаньдықтарының техникасынан алып оқ ататын құралды жасай бастайды.

Еңүлкен өзгерістің бірі мақта өсіру және мақта-мата кездемесі болды. 1364 жылы Юаньға елші ретінде жіберген Мун Ик Чом Қытайдан мақтаныңұрығын алып келеді. Мақтаны өсіріп, оны күтіп-баптауда маңызды күш жұмсаған Чон Чхон Ик болды. Ол сондай-ақ, мақтаны тазалайтын, жіп иіретін, киім тігетін машиналарды жаппай өз еңбегіне қоса бастайды.

Сондай-ақ, өзгерістер егін шаруашылығы дақылдарын жетілдіру техникасы салаларында да болды. Барлық жерлерді, сонымен қатар таулы аймақтығы жерлерді де игерген кезде су тапшылығы кездесіп отырды. Жерлердің тарлығы соншалық, топырақтар құнарсызданып кеткен еді. Алайда, мұндай қиындықтардан құтылудың амалдары табылды. Агротехниканы жетілдіру саласында белгілі орынды юаньдыққытайдан келген хвабук нонбоп әдісі қолданды. Қытайда Янцзының оңтүстігінде егістікті суландыру әдісі де корелықтардыңқызығушылығын

тудырған. Сонымен қатар, Коре патшалығыныңғылымы мен ауыл шаруашылығының дамуына Қытайдан келген араб астрономиясы, метеорология, география жағдай жасады.

Коре кезеңінде медицина ел ішінде өскен дәрілік шөптердің негізінде дамыды. Ең ерте корейлік медицинасының «Ханьяк кугыппан» кітабы 1236 жылы жазылған. Коре кезеңінде басқа да медициналық кітаптар шығарылды. Бұл кітаптар кейін Чосон кезеңінде «Ханьяк чипсонбан» еңбегінің негізгі тірегі болды.

Сонымен қорыта келгенде, Коре кезеңі Корей тарихында ерекше орында алады. Бұл уақыт Корей түбегінде бір орталыққа бағынған биліктің орнығуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ерте ортағасырда негізі қаланған экономикалық жүйе мен мемлекеттік ұстанымдар қолданылды. Бұл уақытта Корея өз тәуелсіздігін сақтап қалу үшін сырттан келген қидандар, чжурчжэндер және монғолдармен күрес жүргізулеріне тура келді. Осылайша, Коре кезеңінде мәдениет саласында Корей түбегінен алыс шет аймақтарға оларды паш еткен жетістіктері өте көп болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Глухарева. О.Н. Искусство Кореи с древнейших времен до конца XIX в. М., 1982
2. Современная Корея. М., 1971.
3. История Кореи (новое прочтение) / Под ред. А.В. Торкунова. М.: МГИМО (У), 2003.
4. Статья из Карманной Энциклопедии Республика Корея - сост. С.В. Волков, Т.М. Симбирцева - М.: ИД "Муравей-Гайд", 2000, 1996 - стр.441-456
5. Курбанов С.О. История Кореи: с древности до начала XXI в. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2009.
6. Воробьев М.В. Корея до второй трети VII века: Этнос, общество, культура и окружающий мир. СПб.: Центр «Петербургское Востоковедение», 1997.
7. Джарылгасинова Р.Ш. Корейские мифы о культурных героях // Религии и мифология народов Восточной и Южной Азии. М., 1970.
8. История и культура Востока Азии. Т. 1. Новосибирск, 2002.
9. Ким Бусик. Самгук саги. В 3-х т. М., 1995-2002.
10. Концевич Л.Р. Исторические названия Кореи // Этнонимы. М., 1970.
11. Толстокулаков И.А. Очерк истории корейской культуры: Учеб. пособ. Владивосток, 2002.